



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындар пікіртерімінің нәтижелері

(салалар: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қойма, ауыл шаруашылығы)

2023 жылғы II тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Ақша - кредит саясаты департаменті

## Жалпы ақпарат

### I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)

### II. Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс пен бағаларға шолу (9 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (10 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (11-13 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (14 бет)
- еңбекақы мен жұмыспен қамту (15 бет)

## Қорытынды

**Пікіртерім жөніндегі мәлімет**


Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардағы бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2023 жылғы 2-тоқсан
Мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны	➤ 3362

**Іріктеме туралы мәлімет**

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 209
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 743
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 325
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 954
Көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары	➤ 265
Ауыл шаруашылығы	➤ 197

**Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы** ➤ **2693**

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



2023 жылғы 2-тоқсанда көлік пен қоймада сақтауды, сондай-ақ тау-кен өндіру өнеркәсібін қоспағанда, барлық салаларда бәсекелестіктің маңыздылығы артты.

**Сауда** нарықтық бәсекелестік мейлінше әсер ететін сала болып қалуда, мұнда кәсіпорындардың **41,0%** оның өз бизнесіне әсерін сезінеді.

**Өңдеу өнеркәсібінде** мұндай кәсіпорындардың үлесі **36,7%-ға** жетті, **көлікте және қоймада сақтауда – 27,2%**, **құрылыста – 25,2%**. Ең аз үлес **тау-кен өндіру өнеркәсібінде** байқалды – **14,8%**.

**Тау-кен өндіру өнеркәсібі** бойынша іріктеме негізінен ірі және орта кәсіпорындармен (**65,6%**) ұсынылған, олардың ішінде ең көп үлес мұнай мен табиғи газды, металл кендерін өндіру кәсіпорындарына, сондай-ақ салада техникалық қызмет көрсететін кәсіпорындарға тиесілі.


**Өңдеу өнеркәсібіндегі** ірі және орта кәсіпорындар салада пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың жалпы санының **61,0%-ын** құрайды. Салада ең үлкен көлемді металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары өндіреді.

**Құрылыс пен ауыл шаруашылығында** да ірі және орта кәсіпорындар басым (тиісінше **60,3%** және **59,9%**).


**Көлік пен қоймада сақтауда** іріктеменің жартысына жуығы ірі және орта кәсіпорындардан (**48,3%**) тұрады, олардың көпшілігі мұнай мен мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау қызметтерін көрсетеді. Олардың ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің тізілімінен көптеген кәсіпорындар бар.

**Саудада** іріктемедегі ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, жалпы жиынтықта сияқты, жоғары емес (**23,2%**).


2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %



### 3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділіктерін шектеуші факторлар, %



### 4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




2023 жылғы 2-тоқсанда, көптеген кәсіпорындардың пікірі бойынша, **Қазақстан экономикасының жай-күйі** бизнесті жүргізудегі басты кедергі болды.

Сауда және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары үшін **нарықтық бәсекелестік**, ал құрылыс пен көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары үшін **экономиканың жай-күйі** негізгі қиындықтары болады. Тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарына **салық ауыртпалығының деңгейі**, ауыл шаруашылығы мен құрылысқа - **білікті кадрлардың жетіспеушілігі** басты кедергілері болып табылады.

Келесі 12 айда барлық салалар бойынша қаржыландыру негізінен бұрынғы көлемде сақталады, бұл ретте қаржыландырудың ең көп ұлғаюы ауыл шаруашылығында, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда жоспарлануда. Инвестициялардың ең көп қысқаруы құрылыста, ең азы - саудада күтілуде. Көлік пен қоймада сақтаудан, сондай-ақ ауыл шаруашылығынан басқа, барлық қарастырылып отырған салаларда инвестицияларын қысқартуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі оларды ұлғайтуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесінен көп.

**Кәсіпорындардың меншікті қаражаты** бұрынғыдай қаржыландырудың негізгі көзі болуда.


**5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)**




Ресей рублі мен АҚШ доллары шетелдік әріптестермен есеп айырысуда қолданылатын негізгі валюта болып қалады. Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібінен (мұнда АҚШ доллары басым) басқа барлық салада басым.

2023 жылғы 2-тоқсандағы есептеулерде өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары теңгені басқа салаларға қарағанда көбірек пайдаланды – 19,2%.

**6-график. Теңгенің Ресей рубліне қатысты бағамының өзгеруінің кәсіпорын қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**




**7-график. Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының өзгеруінің кәсіпорындар қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**



2023 жылғы 2-тоқсанда теңге бағамының өзгеруінің Ресей рубліне теріс әсері жалпы экономика бойынша барлық саладағы кәсіпорындар үшін төмендеді (ДИ 44,3 болды). Теңге бағамының өзгеруінің АҚШ долларына теріс әсері тау-кен өндіру саласынан басқа барлық саладағы кәсіпорындар үшін де төмендеді (ДИ 40,3 болды).

\* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді


8-график. Банктік кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындар үлесі, %



1-кесте. Кредиттеудің орташа мөлшерлемесі, %

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қолжетімді	нақты	қолжетімді
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	19,1	5,0	5,4	2,2
Өңдеу өнеркәсібі	15,3	6,2	6,2	2,8
Құрылыс	19,5	7,3	5,5	3,1
Сауда	17,9	8,0	4,5	3,6
Көлік және қоймада сақтау	18,0	7,2	6,8	3,1
Ауыл шаруашылығы	15,6	6,7	-	2,8


9-график. 2023 жылғы 2-тоқсанда және 2023 жылғы 3-тоқсанда кредит алуды көздеген кәсіпорындар, %




2023 жылғы 2-тоқсанда ауыл шаруашылығынан басқа барлық сала бойынша банктік кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындар үлесі ұлғайды. Кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындардың ең көп саны өңдеу өнеркәсібі мен саудаға (16,2%-дан) тиесілі, ал ең аз саны ауыл шаруашылығы саласына (13,2%) тиесілі.

Теңгемен алынған кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлемелер (19,5% және 19,1%) құрылыс және тау-кен өндіру өнеркәсібі салаларында, ал шетел валютасында – көлік және қоймада сақтау саласында (6,8%) белгіленді. 2023 жылғы 3 тоқсанда кредит алуды көздеген кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібіне (24,1%), ал ең аз үлесі көлік және қоймада сақтау саласына (8,7%) тиесілі.


10-график. Орташа салмақтанған\* кредиттік жүктеме\*\*, %



11-график. Банк кредиттері бойынша мерзімі өткен\*\*\* қарызы бар кәсіпорындардың үлесі, %



12-график. Кредит алуға берілген өтініштерді қарау нәтижесі, саны



2023 жылғы 2-тоқсанда көлік және қоймада сақтау саласындағы орташа салмақтанған кредиттік жүктеме басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Бұл көрсеткіштің ең аз мәні ауыл шаруашылығы саласында байқалды (9,1%).

Банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындар үлесі тек қана тау-кен өндіру өнеркәсібінде ұлғайды.

2023 жылғы 2-тоқсанда сауалнамаға қатысқан 23 кәсіпорынға кредит беруден бас тартылды.

\*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні  
 \*\* Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс \* 100  
 \*\*\* 90 күннен астам






# Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Сұраныс және бағаларға шолу

13-график. Тау-кен өндіру өнеркәсібі, ДИ\*

14-график. Өңдеу өнеркәсібі, ДИ




15-график. Құрылыс, ДИ



16-график. Сауда, ДИ

17-график. Көлік және қоймада сақтау, ДИ

18-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс

— Дайын өнім бағасы

— Шикізаттар бағасы

2023 жылғы 2-тоқсанда ауыл шаруашылығын және құрылыстан басқа, барлық салада **дайын өнімге сұраныстың** баяулағаны аталды. Құрылыстағы сұраныс деңгейі нашарлап, теріс аймаққа көшті, ал ауыл шаруашылығында жақсарды, бірақ әлі де теріс аймақта. 2023 жылғы 3-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібінен (шамалы баяулау) және құрылыстан (төмендеу) басқа барлық салада сұранысқа қатысты ахуалдың жақсаратыны күтілуде.


2023 жылғы 2-тоқсанда **шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқыны баяулағаны барлық салада аталды. Ауыл шаруашылығынан басқа барлық салада **дайын өнімнің бағасы** өсуі баяулады (нашарлап, теріс аймаққа өтті). 2023 жылғы 3-тоқсанда ауыл шаруашылығы және өңдеу өнеркәсібі (өсуі) салаларындағы дайын өнімнің бағасын қоспағанда, **шикізат пен материалдар және дайын өнімнің бағасы** өсуінің қарқыны бәсеңдейді деп күтілуде.

\*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

\*\* 2023 жылғы 3-тоқсандағы кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

# Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі


19-график. Салалар бойынша орташа салмақталған өндірістік қуаттардың жүктемесі\*, %



2023 жылдың 2-тоқсанында орташа салмақталған **өндірістік қуаттардың жүктемесі** (ӨҚЖ) тек тау-кен өнеркәсібінде, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда өсті. Тау-кен өнеркәсібіндегі ең жақсы жағдай, мұнда ең жоғары ӨҚЖ (**ӨҚЖ>=90%**) кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда көбірек, ал **ӨҚЖ<50%** кәсіпорындардың үлесі басқаларына қарағанда аз.

Тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі ӨҚЖ деңгейі ең жоғары (62,1%).

20-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2023 жылғы 2-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



\* Орташа салмақталған өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша салмақталған аралықтың орташа мәні. 10

# Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

**2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалақ мәні\***

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**	ӨҚК	ААҚУ, %
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	1,41	1,56	0,20	40,9	0,52	49,4
Өңдеу өнеркәсібі	1,52	1,47	0,26	24,2	0,38	65,2
Құрылыс	1,10	1,09	0,21	21,9	0,17	72,4
Сауда	1,21	1,22	0,39	20,7	0,24	81,8
Көлік және қоймада сақтау	1,21	1,70	0,17	29,8	0,48	36,6
Ауыл шаруашылығы	1,66	1,36	0,10	16,3	0,49	33,7

**Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері** 2023 жылғы 2-тоқсанда мынадай болып қалыптасты:

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындары ең жоғары өтімділікке ие (**АӨК=1,66**);
- көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары барынша төлемге қабілетті (**ЖТҚК=1,70**);
- саудада іскерлік белсенділік басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары (**ААК=0,39**);
- тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары ең тиімді болып қалуда (**СР=40,9%**), рентабельділігі аз – ауыл шаруашылығы саласы (**СР=16,3%**);
- тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарының меншікті қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі басқа салаларға қарағанда жоғары (**ӨҚК=0,52**);
- сауда кәсіпорындары активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылады (**ААҚУ=81,8%**).

**3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары**


	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқа мерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі солғұрлым жақсы болады.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэфф-і)	ӨСТ/Активтер ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) МК – меншікті капитал	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚУ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқа мерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді

\*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген


\*\* Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі

# Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


21-график. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




23-график. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)



22-график. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)



24-график. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТҚК)



— Кен өндіру өнеркәсібі — Өңдеу өнеркәсібі — Құрылыс — Сауда — Көлік және қойма — Ауыл шаруашылығы

2023 жылғы 2-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа, барлық салаларда кәсіпорындардың **өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу** қабілеті **жақсарды** (АӨК ұлғайды). Көлік пен қоймада сақтауды қоспағанда (бұрынғы деңгей сақталды), барлық салаларда іскерлік белсенділіктің артуы байқалады (ААК ұлғайды).


Өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі құрылыс саласында ғана төмендеді. Кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі (ЖТҚК) көлік және қоймада сақтау, сондай-ақ тау-кен өндіру өнеркәсібінде өсті, ал құрылыста сол деңгейде қалды.

\* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген


\*\* Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 3-кестеде келтірілген (12-бет)

# Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


25-график. Сатудың орташа рентабельділігі\*, %



26-график. Сату рентабельділігінің динамикасы\*, %



27-график. Қаржылық жылды пайдамен/шығынмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



2023 жылғы 2-тоқсанда **сату рентабельділігі** (салық салынғанға дейін және пайыздар мен амортизацияны төлеу бойынша шығысты шегергенге дейін) өңдеу өнеркәсібінде, құрылыста, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтау өсті. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Қаржылық жылды **шығынмен** жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі ауыл шаруашылығында жоғары (12,7%).

Қаржылық жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың ішінде ең оптимистік бағалау өңдеу өнеркәсібі (49,8%) және сауда (47,5%) салаларына тиесілі.

Қарастырылып отырған барлық салаларда жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі жылды шығынмен аяқтайын деп отырғандардың үлесінен көп.

\* Орташа арифметикалық мәннің экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

# Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Салалардағы борыштық ауыртпалық

Банк секторынан тыс, яғни жеткізушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен және т.б. өзара есеп айырысу бойынша мерзімі өткен берешек жағдайы өзгерді. 2023 жылғы 2-тоқсанның нәтижелері бойынша экономика бойынша орташа есеппен мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі бар (23,0%-дан 22,7%-ға дейін)** кәсіпорындардың үлесі төмендеді, ал мерзімі өткен **кредиторлық берешегі бар** кәсіпорындардың үлесі бұрынғы деңгейде сақталды (**21,4%**).

Ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі және құрылыс салаларында мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі **төмендеді**. Мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі сауда, құрылыс, өңдеу және тау-кен өнеркәсібі салаларында **ұлғайды**. Мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп саны тау-кен өнеркәсібіне тиесілі (тиісінше **26,8%** және **32,1%**).

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




# Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Еңбекақы мен жұмыспен қамту


30-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі<sup>1</sup>, ДИ<sup>2</sup>



31-график. Қызметкерлер санының өзгерісі<sup>3</sup>, ДИ



32-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі<sup>4</sup>, %



2023 жылғы 2-тоқсанда барлық салаларда өндіріс көлемінің төмендеуі байқалды. 2023 жылғы 3-тоқсанда өңдеу өнеркәсібіндегі, саудадағы, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтаудағы өндіріс көлемінің өсуі күтілуде.

Жұмыспен қамтылғандар саны тек көлікте және қоймада сақтауда көбейді. 2023 жылғы 2-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібінде, саудада, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда өз қызметкерлерінің **жалақысын төмендеткен** кәсіпорындар саны артты. 2023 жылғы 3-тоқсанда жалақымен байланысты ахуал барлық салаларда жақсарады.

<sup>1</sup> Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

<sup>2</sup> ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

\* Графиктерде 2023 жылдың 3-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күтімі көрсетілген

<sup>3</sup> Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (өңдеу өнеркәсібінен басқа)

<sup>4</sup> Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (өңдеу өнеркәсібін және құрылыстынан басқа)

- **Бәсекелестіктің** ең жоғары деңгейі саудада **әлі де сақталады**.
- Кәсіпорындардың көпшілігі бизнесті жүргізудегі негізгі кедергі ретінде **Қазақстан экономикасының жай-күйін** көрсетеді.
- 2023 жылдың 2-тоқсанында теңге бағамының **Ресей рубліне** қатысты өзгеруінің жалпы экономика бойынша теріс әсері барлық саладағы кәсіпорындар үшін **төмендеді** (ДИ 44,3 құрады). Теңге бағамының **АҚШ долларына** қатысты өзгеруінің теріс әсері де барлық саладағы кәсіпорындар үшін **де төмендеді** (ДИ 40,3 құрады).
- Шетелдік серіктестермен есеп айырысуда қолданылатын негізгі валюталар Ресей рублі мен АҚШ доллары болып қала береді. Ресей рублі АҚШ доллары басым болатын тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салаларда үстемдік етеді.
- 2023 жылдың 2-тоқсанында барлық салаларда өндіріс **көлемінің** төмендеуі байқалды. 2023 жылдың 3 тоқсанында өңдеу өнеркәсібінде, саудада, сондай-ақ көлік пен қоймада өндіріс көлемінің өсуі күтілуде. 2023 жылдың 2 тоқсанында **орташа салмақталған өндірістік қуаттардың жүктемесі** тек тау-кен өндіру өнеркәсібінде, сондай-ақ көлік пен қоймада өсті.
- **Өндірістік қуат жүктемесінің** ең жоғары деңгейі тау-кен өндіру өндіру өнеркәсібінде сақталады (62,1%).
- 2023 жылдың 2-тоқсанында ауыл шаруашылығы мен құрылыстан басқа барлық салаларда **дайын өнімге сұраныстың** өсуінің баяулауы байқалды. Құрылыстағы сұраныс деңгейі нашарлап, теріс аймаққа көшті, ал ауыл шаруашылығында сәл жақсарды, бірақ әлі де теріс аймақта болуда.
- 2023 жылдың 2-тоқсанында **сату рентабельділігі** өңдеу өнеркәсібінде, құрылыста, сондай-ақ көлік пен қоймада өсті. Тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.
- Мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі азайып (**23,0%**-дан **22,7%**-ға дейін), ал мерзімі өткен **кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі бұрынғы деңгейде (**21,4%**) сақталды.
- 2023 жылдың 2-тоқсанында шикізат пен материалдар бағасының өсуінің баяулауы барлық салаларда байқалды. Ауыл шаруашылығынан (мұнда нашарлап, теріс аймаққа көшті) басқа барлық салаларда **дайын өнім бағасының** өсуі де баяулады.
- 2023 жылғы 3-тоқсанда ауыл шаруашылығы және өңдеу өнеркәсібі (мұнда өсті) салаларындағы дайын өнімге бағаны қоспағанда, барлық салаларда **шикізат пен материалдар** мен **дайын өнімге бағаның** өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде.